

# ФИЛОСОФИЯНЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ. СОКРАТТАН ДЕРРИДАҒА ДЕЙІН

Карл Маркс: тарих процесі

4-тарау. Қазіргі философия





Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 4. Қазіргі философия

Дәріс: 18. Карл Маркс: тарих процесі

Карл Маркс ХХ ғасырдың тарихына басқалармен салыстырғанда әлдеқайда көп ықпал етті. Оның идеяларын жүзеге асыру үшін сансыз көп жұмысшы тынбастан еңбектенді, революциялық жасақтар оның теориясын тарату мақсатында ну ормандарды кесіп өтті, студенттер оның философиялық идеяларын іске асыру туралы талаптар қойып, баррикадалар құрды, әлем көшбасшылары бұл философ туралы ойлағанда мазасызданып, төсектерінде дөңбекшіді.

Бірақ Карл Маркстің өзі ешқашан қолына қару ұстамаған, ешқашан баррикадаларда тұрмаған және революциялық әскер қатарына кірмеген. Ол өмірінің едәуір бөлігін Британ кітапханасының оқу залында өткізді. «Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер, сендерде өз шынжырларыңнан басқа жоғалтатын ештеңе де жоқ!» – бұл оның басты ұраны болатын. Ал Маркстің өзі кешке үйіне көбіне көк тиынсыз келетін. Ол Лондондағы Хайгейт зиратына жерленді.

Бір кездері Совет Одағында Маркске қойылған ескерткіштердің көп болғаны соншалық, кейбіреулердің басына ол осы елдің тумасы болар-ау деген ой келуі де мүмкін еді. Алайда ол жерлерде ешқашан болмаған.

Біз Карл Маркстің өмірін қысқаша қарастырамыз және маркстік философияны қалыптастырған идеяларды ашып көрсетіп, олардың қайнар көзін, алғышарттарын анықтауға тырысамыз. Көп сыншылар оны толық мағынасында философ деп санамайды да. Себебі олар философия негізінен таным теориясымен тығыз байланысты деп қарастырады: әлдене туралы хабарымыз бар екенін біз қайдан білеміз? Маркстің идеяларында философияға қатысты мүлдем басқа көзқарас көрсетіледі: «Философия – басқаша ойлау мүмкіндігіне ашықтығымен сипатталатын үздіксіз процесс». Маркс, әрине, «басқаша ойлады» және өзгелердің де дүниеге басқаша қарағанын қалады. Оның ықпалы, негізінен, саясат пен экономика салаларында сезіледі.

«Алайда философтар туралы әңгіме болғанда, жоғарыда айтылғандай, олардың идеялары әлдеқайда маңызды саналмақ», – дейді Дерек Джонстон.

## Өмірі

Карл Маркс 1818 жылы Германияның батыс бөлігінде орналасқан Трир қаласында дүниеге келді. Ол туған үйді сіз әлі де сол жерден көре аласыз. Оның ата-бабаларының кейбірі раввин болған, алайда оның өз ата-анасы христиан дінін қабылдаған еді. Маркс Бонн университетіне 17 жасында түсті, алайда біраз уақыттан соң, бір жағымсыз жағдайлардан кейін Берлин университетіне ауысты.

Ол 1843 жылы үйленді. Көп ұзамай отбасылық жұп Германияны тастап, Парижге көшті. Фридрих Энгельсті алғаш рет сол қалада кездестірді. Сосын революциялық саяси қызметке қатысуына байланысты оның отбасы Англиядан пана іздеуге мәжбүр болды. Олардың қалған өмірі сол жерде өтті.

Лондонда Энгельспен бірлескен жұмысын жалғастырып, екеуі «Коммунистік партияның манифесін» жариялады.

Маркс тынымсыз оқыды және жазды, бірақ оны үнемі жоқшылық пен ауру қинады және үш перзентінің өлімі де қатты қайғыртты. Ол әлеуметтік төңкерістің болуын асыға күтті. Соған қарамастан, оның жұмыстарының романтикалық реңктен гөрі, ғылыми сипаты басымырақ еді. Ол әрдайым өз теорияларын растайтын дәлелдемелерге жүгінетін. Маркстің түсінігінде, бүкіл ғаламның қозғаушы күші руханият емес, материя болды.

Карл Маркстің көзі тірісінде оның басты еңбегі – «Капиталдың» бірінші бөлігі ғана жарияланды.

## Маркс философиясына не ықпал етті?

Маркстің идеяларына үш философиялық ағым елеулі ықпал етті. Неміс философиясы, француз әлеуметтік және британ экономикалық теориялары.



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 4. Қазіргі философия

Дәріс: 18. Карл Маркс: тарих процесі

Фридрих Гегель 1770 жылы Штутгартта дүниеге келіп, 1831 жылы Берлинде қайтыс болды. Ол Йенада, Гейдельбергте және Берлинде философиядан сабақ берді. Оның ғаламның диалектикалық дамуы теориясындағы үш элемент – логика, табиғат философиясы, абсолюттік рух философиясы. Бұл – қайшылықтарды және кереғарлықтар күресін жеңу арқылы жүзеге асатын ойлау түрі.

Людвиг Фейербах 1804 жылы Ландсхутте дүниеге келіп, 1872 жылы Нюрнбергтің маңында қайтыс болды. Фейербах Гегельдің идеализмін қабылдамай, физикалық материя философиясын дамытты. Ол дінді және Құдай ұғымын ұдайы сынады.

Пьер Жозеф Прудон 1809 жылы Безансонда дүниеге келіп, 1865 жылы Парижде қайтыс болды. Ол анархизмнің негізін қалаушы деп есептеледі. Әлеуметтік әділетсіздікті жою капиталистік қанауды құртып, өтеусіз несие деп аталатын жүйені дамытқан кезде ғана мүмкін деп тұжырымдады. Прудонның коммунистік формация жетістіктерінің авторитарлық әдістерін жоққа шығаруы Маркстің оған деген дұшпандық көзқарасын тудырды.

Адам Смит 1723 жылы Керколдиде дүниеге келіп, 1790 жылы Эдинбургте қайтыс болды. Ол экономиканың неғұрлым оңтайлы принципі – араласпау принципі екеніне сенімді еді. Смит адамдар өз қажеттіліктерін қанағаттандыру арқылы қоғамдық мүдделерді жүзеге асыруға елеулі үлес қосады деп сенді. Ол тұтыну және айырбас құны сияқты ұғымдардың арасын ажыратты.

Давид Рикардо 1772 жылы Лондонда дүниеге келіп, 1823 жылы Глостерширде қайтыс болды. Ол экономист болды, азаюшы кіріс заңын және қосымша құн теориясын жасап шықты.

## Диалектикалық материализм

Ғалам дамуының логикалық процесі ретіндегі диалектиканың авторы Гегель болды.

- Тезис ұсынылады.
- Бұл тезис қандай да бір адамның мүлде кереғар пікір – антитезис ұстануына түрткі болады.
- Тезис пен антитезис арасында қайшылық, қақтығыс болады.

Бұл жанжал тезис пен антитезисті біріктіретін синтез нәтижесінде шешіледі. Синтез процесі тезис пен антитезиске қарағанда әлдеқайда жоғары, ол құдды осы ұғымдардың үстінде орналасқандай. Синтез біртіндеп жаңа тезиске айналады, сол кезде қарсы тұру процесі қайтадан басталады. Гегельдің түсінігінде, бұл рухтың дамуына байланысты процесс, ал Маркс материя ғана нақты деген пікірді ұстанды, сондықтан оның Гегель идеясын өзінше түсіндіріп, талдауы диалектикалық материализм деп аталады.

## Тарихи процесс дамуының маркстік теориясы

Маркс экономикалық және саяси тарих дамуының негізгі принциптерін былайша түсінеді:

- Абсолютті билікке ие патшалар болды. Бұл тезис.
- Екінші тарапта кедейлер болды. Бұл антитезис.
- Бұл екеуі бірігіп, азаматтық қоғам құрды, оның шеңберінде тараптардың әрқайсысы бір-біріне көмектесіп отырды. Ол феодализм деп аталды. Дәл осы жерде синтез көрініс тапты.
- Бұл синтез лордтардың және басыбайлылардың қалыптасуына ұласты.
- Екеуі бірігіп, капиталистік қоғам құрды.
- Капиталистік қоғам жұмыс берушілерге немесе капиталистерге және жұмысшыларға немесе еңбекшілерге бөлінді.
- Жаңа синтез әлемге маркстік коммунизмді беруге тиіс еді.

Ол материя ғана нақты болады деп ойлады және диалектиканы экономикалық жағдайларға тәуелді етіп қойды. Механицизм түсіндірмелері физика және химия сияқты ғылымдар аясында



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 4. Қазіргі философия

Дәріс: 18. Карл Маркс: тарих процесі

қолдануға әбден жарамды деп есептеді. Алайда Маркстің пікірінше, бұл әдістерді тарихи даму процесіне байланысты мәселелерді зерттейтін қоғамдық ғылымдарда қолдану мүмкін емес. Ол үшін диалектика – ғаламның үздіксіз ілгері дамуына негізделген логикалық әдіс. Бұл тарихи дамудың белгілі бір жолының сөзсіз болатынын көрсетті. Шын мәнінде, диалектика – үздіксіз даму, прогресс теориясы. Ол тарихи даму процесін түсіндіреді және оған баға береді.

Гегель мен Маркс диалектиканы табиғаттың қажетті заңы деп санады, ол тарихтың жүру бағытын анықтайды деп білді. Диалектика әлемге билік жүргізді. Екеуінің көзқарастарына сәйкес адамдар тарих процесін өзгерте алмайды. Мұндай жағдайдағы ең жоғары моральдық құндылық – тарихтың сөзсіз жүріп отыратын процесінің алға жылжуын қабылдау және соған бойсұну.

Маркстілдер әр жаңа синтез моральдық жағынан барлық алдыңғы синтездерден асып отырады деп тұжырымдайды. Осылайша коммунистік қоғамды құруға тырысушылар, маркстілдердің түсінігінше, жетілген адамгершілік құндылықтар үшін күреседі. Ол тарихи детерминизм заңынан туындайды.

### Таптарды Марксше түсіну

Әр адам белгілі бір әлеуметтік тапқа жатады. Мұны экономикалық құралдар мен өндіріс жағдайлары анықтайды. Әр таптың болуы қарсы таптың пайда болуына әкеліп, олардың арасында араздық басталады. Маркстің пікірінше, тап күресі жұмысшыларды қанау болмайтын және өндіріс құралдары еңбекшілердің өз қолдарында болатын қоғам құрумен аяқталатын революцияға ұласқан кезде социализм орнайды, одан кейін жұмысшыларды қанау жоқ, ал өндіріс қаражатын үйде отырып жұмыс істейтін адамдар қадағалап отыратын тапсыз қоғам дәуірі басталады.

### Идеология

Маркс әр «әлеуметтік тап» – ұлт сияқты, адамдардың біртекті тобы деп санады. Әр таптың ортақ тарихы бар, олар өздеріне тән идеялар мен түсініктер қалыптастырады. Жеке адамның пікірлері, ұнататын нәрселері мен пайымдаулары оның табының идеяларын бейнелейді. Тап мүшелері өз тіршілігінде осы идеяларды басшылыққа алуы тиіс. Осы «ұжымдық ойлауды» адамдардың өздері аңғармайды да. Олардың ойлайтын және сенетін идеялары көбіне өз «таптарына» тән сенімдердің көрінісі боп келеді.

Идеялар түсіндіру кезінде де бұрмалануы мүмкін. Көбіне олар бастапқыдағы әсерінен сәл басқашалау болып шығады: әр таптың идеялары – сол таптың әлеуметтік жағдайының және экономикалық өндіріске қатынасының нәтижесі. Әрқайсысымызға тән белгілі бір идеялар біздің таптың барлық мүшелерінің де басында бар. Біз бұл идеялардың дұрыс та қажет екеніне сенімдіміз, себебі олар біздің, яғни табымыздың мүдделерін бейнелейді. Өндіргіш күштер өз мақсаттарына қол жеткізуге демеу болатын иллюзияны шебер жасай біледі. Осылайша әр әлеуметтік тап өзіне тән идеологияны дүниеге әкеледі. Идеология – қарсы тараппен күресте қуатты қару, оны марксизмді қоса алғанда барлық теорияға қарсы қолдануға болады. Бұл ретте ол кез келген теорияны «мәселені ағат әрі біржақты түсіндіру» етіп шығара алады.

### Маркстің капитализмнен жиренуі

Маркстің пікірінше, экономикалық баға – тауардың өндіріс барысында анықталған және оны адамдардың басқа затқа айырбастау тілегіне негізделген құны. Тауардың бағасы, оның тілімен бейнелесек, оны өндіру үшін жұмсалған еңбектің құнының негізінде қалыптасады.

Қарапайым жұмысшыларда капитал жоқ, сондықтан олар өздерінің жұмыс күшін сатуға мәжбүр. Алайда осындай жолмен өндірілген өнім жұмысшылардың өндірістегі қызметі үшін



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 4. Қазіргі философия

Дәріс: 18. Карл Маркс: тарих процесі

алатын жалақысынан артық бағаға ие. Тауарды сату құны мен осы өнімді өндірген жұмысшылардың жалақысы арасындағы айырмашылық қосымша құн деп аталады. Капиталист қосымша құнды иеленіп, оны көптеген тәсілдер арқылы пайдаланады және көбіне мүлктік пайда көру құралы ретінде қарастырады. Осы қосымша құнның себебінен капитал мен еңбек, жұмыс беруші мен жұмысшы арасында жанжал туындайды.

## Жатсыну

Маркс «жатсыну» терминін адамның басқа адамдардың тұлғасыздандырылған тобыры арасында өмір сүруінің мәнсіздігі сезімін сипаттау үшін қолданады. Қазіргі заманғы технологиялық қоғамда адамдардың көпшілігі өндіріс процесінің басынан аяғына дейін қатыспайды. Олар өз қабілеті мен күш-қуатын өндірістің тек жекелеген кезеңдерінде ғана жұмсайды. Мысалы, автомобиль зауытының қызметкері күні бойы тұтқаларды автокөлік есіктеріне бекітумен ғана айналысады, басқа ештеңе істемейді. Сондықтан зауыт жұмысшыларының автомобиль жасап жатырмыз деп ауыз толтырып айтуының еш мәні жоқ. Олардың дайын өнімді сатуда табысқа жетеміз деп тырысуы да мәнсіз. Жұмысшылар өздерінің бүкіл өндіріс процесінен оқшауланып, оларды бақылап отыру мүмкіндігінен айырылғанын сезінеді. Мұндай оқшаулану және айырылу сезімі жатсыну деп аталады.

Көп пайда табу үшін кәсіпкерлер-капиталистер өзге кәсіпкерлермен бірге әрекет етуге немесе олармен бәсекелесуге ұмтылуы қажет. Сонда олар үлкен көлемде өнім сата алады және зор пайдаға кенеледі. Мұны жүзеге асырудың жалғыз нақты әдісі – арзан еңбекті пайдалану. Пайданы ұлғайту үшін жұмыс берушілер, Маркстің пікірінше, өз жұмысшыларына бірте-бірте аз төлеуі тиіс. Осылайша капиталист тер байи береді, ал жұмысшылар кедейлене түседі.

Капиталға адамгершілік ұғымы тән емес, адами қарым-қатынастарға келгенде ол толығымен азғын. Әуелден азғын жүйе саналатын капитализмді өндіріс құралдарын бақылау капиталистердің емес, еңбекшілердің қолында болатын жүйе ығыстырып шығаруы тиіс.

Маркс заманауи индустриялық әлемде адамдар бір-бірінен алыстап, өздерінің табандылығынан айырылады деп болжамдады. Оның пікірінше, біз осыны өзімізге өзіміз жасадық. Біз техникаға негізделген әлем құрдық, бірақ оны басқаруға қауқарсызбыз. Біз өзімізді өзіміз жатсынып, өз қадірімізді білмейтін, өзімізді бұрынғыдай бағаламайтын болдық. Маркс осы заманауи феноменді өзін-өзі жатсыну деп атады.

Капиталистік қоғамдағы адамдар фетишизмге ұмтылуға бейім: олар өздері өндіретін нәрсені басқа адамдардан әлдеқайда артық бағалайды. Капитализмнің ең үлкен залалы мынада: ол адамдарды машинаға айналдырып, механизм ретінде жұмыс істеуге мәжбүрлейді. Капитализм мойындайтын жалғыз құндылық – нарық құны. Ол адамды бағаламайды.

## Маркстік революция

Маркстің тарих философиясы тарихи процестің тарихи кезеңдерге экономикалық факторлар мен мүдделердің айрықша үйлесіміне негізделетінін көрсетеді. Оның пікірінше, тарихта мына кезеңдер ерекшеленеді: феодализм, капитализм және социализм. Маркс тапты тарихтың диалектикалық қозғалысын тудыратын құрал деп қарастырды. Бірақ таза материализмді негізге ала отырып, ол социализм адамгершілік тұрғысынан әлдеқайда кемел болды деп сенімді түрде айта алмады. Дегенмен, социализмді, Маркстің пікірінше, диалектикалық даму туындатты, яғни оның болмауы мүмкін емес еді. Диалектикалық дамудың өзі үнемі алға қарай ілгерілеуді білдіргендіктен, социализм Маркске барынша жетілген моральдық-құндылықты жүйе болып көрінді. Ол өзі куә болған капитализм тұсындағы жұмысшылардың ахуалы мен өмір сүру жағдайларын қатқыл түрде, тіпті кекесінмен дәл суреттеді. Оның еңбектерінде терең талдау, байсалды пайымдаулар және революцияға шақырған жарқын үндеулер үйлесімді тоғысқан.





«Материализм» ұғымын пайдалануды ғылымилық деп ойлады: ол әлеуметтік зерттеулердің дәл және айқын бола алатынына сенді және тек эмпирикалық фактілерге ғана жүгінеді деді. Маркс өзінің теориясы мен саяси көзқарастарын аса ауқымды тарихи және экономикалық ғылыми зерттеулермен нығайта түсті. Оның материализмі агрессивті атеизмге жақын еді, ол өзі консервативті күш деп есептеген дінді қабыл алмады. Маркс айтқандай, дін «апиын» бола отырып, адамның санасын қияли жұбаныштармен толтырды, рационалды ойлауды қиындатып, езілген бұқараны өз жағдайын жақсартуға ұмтылудан айнытты. Діннің белсендіруші әлеуетін қабылдаудан бас тартты.

Материализм және диалектика, Маркстің пікірінше, революцияға – мемлекеттік басқарудың қолданыстағы жүйесін құлатуға әкелуі тиіс. Революция – жүйені жетілдіруге бағытталған реформаларға қарсы қойылады. Ұлы Француз революциясы кезінде, «саяси революция» жүзеге асты. Экономикалық өндіріс құралдары иелерінен құралған орта тап, буржуазия феодалдық ақсүйектерден саяси билікті тартып алды. Диалектикалық материализм қанаудың және әлеуметтік теңсіздіктің барлық алғышарттарын жоятын жаңа «әлеуметтік революцияның» болмай қоймайтынын болжамдайды. Бұл – қоғамдық өндіріс жүйесін басқару пролетариаттың, яғни буржуазия қанап отырған таптың қолына көшкенде орнайды. Ол капиталистік экономика заңдарының мызғымас және мәңгілік екені туралы түсініктерді батыл терістеді.

### «Капитал»

Маркстің социализмі Гегельді сынаудан пайда болды. Маркстің теориясы – даму теорияларының бірі: әр экономикалық кезең өзіне тән өндіріс тәсілімен және тауар алмасумен сипатталады. Тарих диалектикасындағы алғашқы факторлар – өндірудің және игіліктерді бөлудің айрықша тәсілдері. Бүкіл тарихи процесі, Маркстің пікірінше, «диалектикалық»: тарих процесінде экономикалық өндірістің жаңа, қалыптастырушы жүйесі мен қарсыласушы ескі қоғамдық жүйенің идеологиялары арасындағы сәйкессіздіктер нәтижесінде туындайтын ішкі қайшылықтар шешіледі.

Енді Маркстің маңызды деген идеяларына тоқтала кетейік:

- Материалдық немесе экономикалық күштер – бастапқы күштер. Адамзаттың дамуы біздің физикалық, материалдық қажеттіліктерімізден туындайды.
- Қандай да бір тарихи кезеңдегі қоғам өмірінің саяси жағдайлары – өндірістік процесті басқарушы таптың қажеттіліктерінің тікелей бейнесі. Олар сол таптың идеологиясында көрініс тапқан.
- Билеуші тап қоғамның наразылығын қоздырады. Ең соңында, мұның бәрі «таптық күреске» әкеледі.
- Өндірістік күштер диалектикалық трансформация сәтіне дейін дамуы тиіс.
- Жүйе жоғары дәрежеде детерминацияланған.
- «Пролетариат диктатурасы» түпкілікті орнағанда, ұзаққа созылған әлеуметтік күрес аяқталады.
- Мемлекет – таптық күрес кезінде қажет болатын мәжбүрлеу құралы. Тап атаулының бәрі жоғалғанда, мемлекет өзінің өмір сүруін тоқтатады.
- «Пролетариат диктатурасы» өндіріс құралдарының әлеуметтенуіне алып келеді. Бұл процесті революциялық маркстік элита тобы басқаруы тиіс.

### Түйін

Маркстің философиясы ХХ ғасырдың тарихи оқиғаларына елеулі әсер етті. Оның социализмі қаналған халық бұқарасына деген жеке ықыласынан емес, Гегельді сынау негізінде пайда болғанын түсіну маңызды.

Маркстік философияның кейбір қырларына күмән келтірушілер аз болған жоқ. Бұған кейінгі тарихи оқиғалар да, оның идеяларын сынау да өз әсерін тигізді. Десек те саяси белсенділігі мен



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 4. Қазіргі философия

Дәріс: 18. Карл Маркс: тарих процесі

ұйымдастырушылығынан гөрі философияны басым болды. Еңбектерінде кең ауқымды тарихи талдау жасап, ол шын мәнінде болашаққа көз тастауға, тарихи даму заңдарына сүйене отырып, алда не болатынын болжауға тырысты. Біз болсақ, керісінше, өткенімізді бағалаудамыз. Маркс ретроспективалық бағалаудан өзіне пайдалы ештеңе көрмеді. Бұл бізге оның теориясының осал жақтары туралы түсінік алуға мүмкіндік береді.

Ол капитализмнің әлеуметтік ортаның өзгермелі жағдайларына бейімделу қабілетін жеткілікті бағаламады. Капитализмнің өмір сүруі жұмысшылардың өмір сүру деңгейінің прогрессивті төмендеуіне тәуелді деп санады. Іс жүзінде, капитализм өзінің еңбекақыны көбейту, еңбек жағдайларын жақсарту, жұмысшылардың денсаулығын және әл-ауқатын көтеру, біліммен қамтамасыз ету сияқты қадамдарға қабілетті екенін дәлелдеді. Соған қарамастан, дәл сол тарихи кезеңде Маркстің капитализмге қатысты айтқан көптеген сыни ескертпелері нақты және орынды болды. Кейбіреулер қазіргі заманғы капитализмнің дамуы, қалай болғанда да, оның әлеуметтік революция жөнінде қоғамда нақты қауіп туғызған негізді сынына байланысты деуі мүмкін.

Маркстік идеологияны жақтайтын саяси тәртіптер аясында өмір сүру тәжірибесі адамдарды өздерінің жеке көзқарастарынан, мақсаттарынан, еркіндігінен, этикалық сенімдерінен бас тартуына әкелген жоқ. Бұл адамдар көбіне тіпті диалектикалық материализмдегі «детерминизмді» терістеді және осы бағытта тәрбиеленді. Еуропадағы коммунизмнің кенеттен күйреуі ішінара қоғамдағы діни, этникалық және тарихи қайшылықтардың қайта көрінуінен туындады, ал көпшілік бұл қайшылықтар социалистік қоғам құрылысы жолындағы күрес барысында жойылуы тиіс деп ойлаған еді.

Дінді «апиын» ретінде сипаттайтын маркстік сын оның әрекетке итермелеушілік қабілетін елемеді. Шын мәнінде, көптеген коммунистік тәртіптердің шектен шығуы бейрационалды наным-сенімдер экстремалды іс-әрекеттердің жойылуына емес, пайда болуына ықпал ететінін және марксизмнің адамгершілікті сынды қолдануға немесе осындай бағдарламаларды реттеуге қабілетсіз екенін дәлелдеуге өз үлестерін қосты. Бірақ коммунистік тәртіптер үнемі оның таза философиясына емес, өзгертілген түрлеріне негізделгенін атап өту керек.

Теориялық деңгейде Маркс социализмнің көптеген революциялық емес түрлерін паллиативті және утопиялық деп айыптағанын атап көрсете аламыз. Бірақ, оның мемлекеттің қажеттілік болмайтындықтан жойылатыны, тапсыз қоғамның орнауы сияқты идеялары да шындыққа жанаспайтын утопия екенін айтпауға болмайды. Сонымен қатар идеологияның айтарлықтай бұлыңғыр маркстік түсінігі заттарға біржақты көзқарастың формасы ғана саналатын маркстік философияның өзіне қарсы бағытталуы мүмкін.

Оның таптық күрес туралы түсініктері нақты фактілерді қарапайымдандыруға негізделді. Ол екі тапты ғана қарастырды. Жалдамалы жұмысшылар және маман-жұмысшылар түптеп келгенде бір ғана пролетариат табына бірігеді деп есептеді. Іс жүзінде олай болмады. Осы екі әлеуметтік топты біріктіру үрдісі басқа қырлардан көрінді. Оның үстіне Маркстің заманында қабылданған «орта тап» терминінің мағынасы қазіргі заманғы мағынасынан ерекшеленеді.

«Сіздің ойыңызша, капитализмге берілген маркстік сындың мәні қандай? Сіз бұл пайымдауды қайдан түйдіңіз? Мәселені шешудегі сіздің ұстанымыңыз қандай? Маркс балама болжамдарға қалай келді? Сіздің әдістеменіздің Маркс әдістемесінен айырмашылығы неде?» – деген сауалдарды ортаға қояды Дерек Джонстон.

Қазіргі заманғы әлемде ол тарих туралы өзіндік көзқарасы мен тарихтың экономикалық түсіндірмесіне назар аударғаны үшін бағаланады. Марксизмнің тағы бір жемісі – бүгінгі тарихшылар тарихи оқиғаларды, экономикалық факторларды талдау арқылы түсінуге ұмтылатын болды.

Қазіргі заманғы саясаткерлер өздерінің негізгі мақсаты – жалпы әлеуметтік-экономикалық дамуға ықпал ету деп санайды. Олар бұл тұрғыдан алғанда өздеріне емес, Маркске көбірек риза болуы тиіс.

«Ең соңында, тарихи кезеңдердің алдын ала белгілілігі, диалектикалық материализмнің болмай қоймайтыны туралы оның түсінігі ғылымнан гөрі оптимизмге, квази-діни сенімге немесе фатализмге әлдеқайда жақын екенін атап өту қажет», – дейді Джонстон.



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін  
Тарау: 4. Қазіргі философия  
Дәріс: 18. Карл Маркс: тарих процесі

---

## Қорытынды

Карл Маркстің философияға көзқарасы мүлдем басқаша болды. Әйтсе де оның ойларына негіз болған метафизика еді. Ол дінді жоққа шығарып, оның орнына материализмді қойды. Философиялық жүйесі Гегель диалектикасының негізгі бастауларына сүйенді: нақты дүние тұрақты емес, ол үнемі үдемелі және секірмелі түрде дамиды. Қоғамдағы бүкіл өзгерістер таптық күрестен туындайды және осы күрестің аясында ғана жүреді. Феодализмнен коммунизмге дейінгі үдемелі, кезеңдік даму бәрібір болмай қоймайды. Маркстің философиясы – социумның даму және өзгеру заңдылықтары туралы мәлімдейтін философия.